Бекітемін:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2024 жыл 1 апта

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 04.03.2024 | Сейсенбі 05.03.2024 | Сәрсенб 06.03.2024 | Бейсенбі 07.03.2024 | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен, куыршақпен қарсы алу | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен,денсаулығын тексеріп қарсы алу | Балақай сені бүгін көңілді күн күтіп тұр деп топқа кіргізу | Қызыл жүрекшемен қарсы алу | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және** | Табиғат бұрышындағы гулдерге су құюға көмектесіп | Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті гүлдер». Танымдық | Дидактикалық ойын: «Көктем суретін құрастыру» **Шығармашылық дағдылар** | Музыка тыңдау шаттану. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құюға көмектесу. **Шығармашылық** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Аналарымызға арналған моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. **(Мүсіндеу)** Жасаған моншағымыздағ | Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**<br><br>ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)**<br><br>Өнер | Нешеуміз? өлеңін қайталап айтуын ұйымдастыру<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек –ағам<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкене бөбек –сен<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз | Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)**<br>Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру<br><br>Еркін іс әрекеттер | Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру,қарандаш<br>ты дұрыс ұстауын дамыту.<br><br>Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **тағы басқа әрекеттер)** | бақылау.<br>**Әлеуметтік дағдылар** | дағдылар | | **дағдылар** | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, наннның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту:баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. | Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы адамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру | Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруды, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды дамыту | Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануды үйрету | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көктем бірден болып, жаз ерте шығады. | | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру.<br><br>(дене жаттығулар мен белсенділігі)<br><br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br><br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдысын жетілдіру | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру; Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; | **Музыка** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақби қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталауын дамыту | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүру; Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру; Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған | **Қазақ тілі** Тілдік дамытушы орта; Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстары н дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, | дәулеті, жер сәулеті.<br>- Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес. | «Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>— Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, «жыланша еңбектеу<br>Қимылды ойын:<br>Тышқандар мен мысық. | | қалпында допты домалату<br>Қимылды ойын:<br>Тырналар-тырналар | | |
| | Аналар мерекесі жайлы әңгіме<br>Шығармашылық дағдылар бойынша балалардың қалауымен жүргізілетін | Тәрбиеші: - «40 Нан шығару»дәстүрін өткізу үшін, қандай заттар керек? Балалар: - леген, су, қайшы, | Аналар мерекесіне тақпақтар жаттау<br>Ұлттық киімдер пазлы. **Құрастыру әрекеті**<br>Тақияны әшекелейміз.**Мүсін** | Суретке мұқият қарау,әр түрлі кеңісте орналасқан бесікті қай жерде орналасқанын не ұзын не аласа биік екенін сипаттау.**Математика негіздері** |  Қайнар оюын ермексаздан жасау ақ қағазға жабыстыру.**Мүсіндеу,жапсыру**<br>Оюдың суретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ бұлт ақ па?<br><br>Ала бұлт ақ емес,<br><br>Ақ бұлт ақ»<br><br>«Анау арал қай арал,<br><br>Қайыңды арал, талды арал»<br>Жұмбақ:<br>Етек-жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай,<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт) | қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады.<br>Зерттеу жұмыстары<br>Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік?<br>Еңбек<br>Жолдарды қоқыстан тазалау. | Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау.<br>Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын:<br>Доппен ойын.<br>Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>Жаттығу ойыны<br>Доппен жаттығу.<br>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>- Орман ел | ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br><br>Еңбек<br><br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br><br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстар<br>Оюлармен кубик ойыны<br>Оюлардың жазықтықта орналасу ретін атап айтады. **Математика негіздері** | қасық...<br>Қырқынан шығару дәстүріне қажет заттарды жасау,қайшын ы ермексаздан жасау,қасықты ң суретін салу,леген ыдысқа ою жабыстыру.**Сурет салу,жапсыру,мүсіндеу.** | **деу әрекеті**<br>**Домбыра ойыны**<br>Домбыранын қандай аспап екенін айту және жабыстыру.**Жапсыру әрекеті** | Бесіктің суретін бояу,ермексаздан бесік жасау,бесік суретінен пазл құрастыру,бесікке ою жабыстыру.**Сурет салу,құрастыру,жапсыру,мүсіндеу** | бояу.**Сурет салу**<br>**Пазл құрау оюдан** |
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | **Маусымдық өзгерістерді бақылау** | Қайың ағашын бақылау<br>*Мақсаты:* | Бұршақты бақылау Мақсаты:<br>— «Бұршақ» түсінігімен | Итті бақылау<br>Мақсаты: жануарлардың | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты:<br>— бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету;<br>— жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс<br>Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, | жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; караторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен | безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. | бетте күн катты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br><br>♦ Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br><br>♦ Шуақты күні ше? (өседі)<br><br>♦ Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мкзды қыздырады да, ол суға айналады)<br><br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:*<br>Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету;<br>табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>*Бақылау барысы*<br>*Тәрбиеші:*<br>*Балалар, мені тыңдаңдар, қазір* | *қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.*<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай*<br>*Көшетін әкеп қайыңның,*<br>*Отырғыздым аулаға.*<br>*Жіп-жіңішке жас шыбық,*<br>*Өспейді деп ойлама.* | таныстыру;<br>— Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;<br>— есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Меңдібай<br>Аспанды бұлт торлап,<br>Күн кенет бұзылды.<br>Жел тұрып, сап-салқын,<br>Жауын исі сезілді.<br>Айнала тарсылдап,<br>Ақ моншақ төгілді.<br>Жер беті ағарып,<br>Мұз болып көрінді.<br>Моншақты ұстап ап,<br>Көргім кеп барады-<br>Қолымда көп моншақ , | көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру;<br>— жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай<br>Кіп-кішкентай күшігім,<br>Сүйкімдісін өзінің.<br>Еркелейді ойнақтап,<br>Жылтырын-ай | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.<br>Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?<br>Бүгінгі бұлттар қандай?<br>Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?<br>Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?<br><br>Еңбек<br>Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу<br>Мақсаты: бірлесіп жұмыс | Сай-салаға ағады.<br>Бүршік шашып,<br>Жапырақ ашап,<br>Гүл, бәйшешек басады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Балаларға сұрақтар<br>• Қазір жылдың қай мезгілі?<br>•<br>Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>• Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма?<br>• Неге бұл | жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>• Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>• Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>• Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен | Қар да ери бастады.<br><br>Шатырынан әр үйдің,<br><br>Төмен қарап салбырап,<br><br>Мұз сүңгілер аспалы,<br><br>Пайда бола бастады.<br><br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br><br>Тынымсыз жерге тамады.<br><br>Қардың суы еріген,<br><br>Сай қуалай ағады.<br><br>Балаларға сұрақтар<br><br>♦ Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br><br>♦ Неге? (күн | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар.*<br>*Жауған қарымен,*<br>*... құнар береді. (қыс)*<br>*Үлкендер қарбалас,*<br>*... дән себеді. (көктемде)*<br>*Бақ пенен бақшаны,*<br>*... баптап өсіреді. (жазда)*<br>*Дихандар жемісін,* | *Жас шыбық өсіп толады,*<br>*Әсем қайың болады,*<br>*Суғарып, күтіп, баптасам.*<br>*Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне* | Су болып ағады.<br>Тәрбиеші әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп | көзінің.<br>Оратылып аяққа,<br>Бір сәт тыным таппайды.<br>Кел, достарым, жасқанба,<br>Күшігім менің қаппайды<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ Бұл күшік сендерге ұнай ма?<br>♦ Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар?<br>♦ Күшіктің көңіл-күйі қандай?<br>♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру<br>Бақылау барысы<br><br>Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы,<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның<br>Бұлт көшпелі бұлағы. | Қарды бақылау<br>Мақсаты:<br>— Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету<br>— Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Бұл қай кезде болады»<br>Ш. Ахметов<br>Ақ қар еріп,<br>Су көбейіп, | Шырша ағашын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;;<br>— Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>— Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, | Су тамшыларын бақылау<br><br>Мақсаты:<br><br>— температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br><br>— зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br><br>Бақылау барысы<br><br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br><br>Күн сәулесін төкті кеп, | Еркін қозғалыстағы ойын:<br><br>«Тарту»<br><br>Қалың қар үстінде сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. Балаларды күшті болуға, шыдаммен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу.<br><br>(жаппай бақылау, дене белсенділігі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *... жинап береді. (күзде)*<br>*Тәрбиеші сұрақтары:*<br>*Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған?*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктемніңалдында қай мезгіл болды?*<br>*Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады?*<br>*Қазір айналадан қандай* | *қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.*<br>*Тәрбиеші* | кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады.<br>Зерттеу жұмысы<br>Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме?<br>Еңбек<br>Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету.<br>Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек».<br>Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, | ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді?<br>Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы.<br>Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңейту,байланысты<br><br>рып сөйлеуді үйрету.<br><br>**(сөйлеуді дамыту)**<br>«Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет)** | ауылындағы құрт мүсінін жасау арқылы дөңгелек мусінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** | Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды менгерту. **(құрастыру)** | **(мүсіндеу).**<br>Қағаздан жасалған гүл себетіне үсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** | базары<br><br>**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
| **Екінші таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *өзгерістерді көруге болады?*<br>*Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады)*<br>Еңбек<br>Гүл егетін жерді тазалау. | *сұрақтары:*<br>*Қандайағаш түрлерін білесіңдер?*<br>*Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?*<br>*Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?*<br>*Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?*<br>*Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?* | құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу.<br>Жаттығу ойыны «Кім алда?».<br>Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету. | жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн.<br>Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу.<br>Мақсаты:<br>- ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау;<br>- еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.<br>Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру.<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсіңді тап. | | | | |
| | Отбасы суретін көрсету.<br>Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттегі отбасы мүшелерін атуын?<br>- Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас<br>-суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын | Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың қалауы бойынша әжемнің кәмпиттері тақырыбында домалақ кәмпиттер суре тін салғызу, ермек саздан әже | Отбасы бейнеленген кітаптарды карату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)**<br>«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)** | Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау. «Анаға сыйлық» жасауға ынталандырып сипаттап сөйлеуді үйрету**(сөйлеуді дамыту)**<br>Өз қолдарымен сыйлық жасату. Балалардың таңдауы бойынша табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету<br>Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. **(сурет салу)**<br>Ермексаздан торт жасауды меңгерту | Ата мен әжелерінің суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу.<br>«Бес саусақ» өлеңін айтқызу<br>Бас бармағым – атам, үйдің данасы<br>Балан үйрек - әжем, ошақ аңасы<br>Ортан терек - әкем, отау панасы<br>Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары<br>Титтей бөбек – мен, бәрінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:*<br>Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу.<br><br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br><br>*Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.*<br><br>Жаттығу ойыны:<br><br>Орнында тұрып биіктікке секіру.<br><br>*Ма□саты: секіре білу да□дыларын дамыту, жылдамды□тары мен к□штерін есептей білу.* | *Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?*<br><br>Зерттеу жұмысы<br><br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br><br>Еңбек<br><br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу | | Мақсаты:<br><br>— белгі бойынша әрекет етуге баулу;<br><br>— жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту.<br><br>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.<br><br>Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>сапта бір-бірлеп жүгіру;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен | қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. | Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>сапта бір-бірлеп жүгіру;<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру;<br>Сапқа бір-бірден тұру.<br>Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық. | қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен колдануды қалыптастыру. | сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру;<br>бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен жүгіру;<br>Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату;<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу<br>Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу |